

Түркістан облысы
Шардара ауданы
№12 жалпы білім беретін мектеп

«Қыз өмірдің гүлі» тақырыбында қыздар жиналысының
ХАТТАМАСЫ

09.09.2025ж.

Қатысқандар: 8,9,10,11 сынып қыздары
Өтетін орны: Акт зал

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған мектеп формасы жайында ақпарат
Баяндамашы: ДТІЖО Н.Усенова
2. «Қыздарға әсемдік жарасады» Әлеуметтік педагог З.Байназарова
3. «Есі бар қыз, етегін жинар» мектеп психологы А.Көзтаева

Тыңдалды:

Жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуына байланысты сіздерге мектеп формасына қойылатын талаптарды жіті баяндады. Барлық оқушылар мектепке бірыңғай мектеп формасымен келуі міндетті. Спорттық киім тек дене шынықтыру сабағына арналған күндері ғана киіледі. Оқушылардың киімі ұқыпты, сырт келбеті таза әрі жинақы болуы керек. Сіздердің бұл талаптарға түсіністікпен қарап, балаларыңыздың мектеп формасын талапқа сай дайындауына көмектесетіндеріңізге сенімдіміз.

Қыз баланың тәрбиесіне қатысты іс-шаралардың маңыздылығына тоқталды. Қазіргі заманда қыздардың білімді, мәдениетті, сыпайы, инабатты болуы – қоғамның дамуымен тікелей байланысты екені айтылды.

Педагог-психологы А.Көзтаева қыз баланың психологиялық дамуы, өзін-өзі бағалау, ішкі мәдениет, өзін-өзі қорғау сынды тақырыптарда баяндама жасап, қыздарға күнделікті өмірде кездесетін қиындықтармен қалай күресу керектігі жайлы кеңестер берді.

Психологиялық тренинг: Оқушыларға өз-өзін бағалау, ішкі сенімділік және болашаққа мақсат қоюға бағытталған жаттығулар жүргізілді.

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында видеоролик көрсетіліп, оқушы қыздарымыздың ой пікірі тыңдалды.

1. Мектептің әлеуметтік педагогы З.Байназарова өз сөзінде Қыз бала — ұлттың анасы, тәрбие бастауы екенін айтты. Қазақы тәрбиедегі аналардың, әжелердің орны, олардың бүгінгі күнмен сабақтастығы туралы баяндады.

Қаулы:

1. Қыздар арасында тәрбие сағаттарын, ашық пікір алмасулар мен мотивациялық кездесулерді тұрақты түрде өткізіп отыру.
2. Қыз балаларға арналған қауіпсіз интернет, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі дамыту бағыттарында арнайы сабақтар ұйымдастыру.
3. Қыздар кеңесін құрып, мектепішілік тәрбие жұмыстарына белсенді қатыстыру.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Н.Усенова
Ш.Әзбергенова

Н.Усенова

Ш.Әзбергенова